

С. Тиллабек, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: А. Б. Ақылбекова, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)

АДАМ МЕН АДАМЗАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Адам құқығы — адам дамуының барлық кезеңінде ең маңызды, адамзатты толғандырған басты мәселелердің бірі. Саяси, құқықтық, философиялық, діни және этикалық ойлардың барлығы адам құқығының мәселесіне келіп тіреледі. Адам құқықтарының бұзылуы көптеген жыл бойы адамзат алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жеке адамға қол сұқпау құқығы, өмір сүру құқығы сияқты адамның табиғи құқықтары ұзақ уақыт бойы негізгі құқықтар ретінде танылмады. Біздің қоғамның дамуымен мемлекеттер бұл мәселеге назар аудара бастады. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен бекіту аясындағы халықаралық ынтымақтастық екі бағыт бойынша жүреді. 1. Адам құқықтарын бекіту аясындағы арнайы және жалпы актілерді қабылдау және өңдеу. 2. Адам құқықтарын қорғаудағы нақты жүйені құру және оның жүзеге асырылуын қадағалау бойынша мемлекеттердің ынтымақтастығы.

Мемлекет қызметінің бағыты адам құқығының басымдылығынан туындауы тиісті. Себебі мемлекет өкімет органдарының басты міндеті — адамның қадір-қасиетін, ар-намысын, құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау болып табылады. Сондықтан адамға байланысты оның құқықтық жағдайын анықтайтын құқықтық нормалардың маңызы өте зор¹.

Адам мен адамзаттың құқықтық жағдайы (құқықтық мәртебесі) дегеніміз — оның құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Шын мәнінде, бұл адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің басты мазмұны болып табылады. Бірақ оған өзге де құқықтық факторлар әсер ететінін әрдайым естен шығармау керек. Олар — азаматтық қағидалар, құқық пен бостандық кепілдіктері. Адамның құқықтары мен міндеттер көптеген құқық саласында тұжырымдалған. Солардың ішінде «адамның қоғамдық жағдайын дәріптеуде мемлекеттік құқық саласының атқаратын рөлі ерекше. Әсіресе, адамның, азаматтың құқықтық мәртебесінің негізі Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген. Оған мыналар кіреді: азаматтылық, адам мен азаматтың құқықтық жағдайының конституциялық принциптері, олардың негізгі құқықтары мен бостандықтары (азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени), конституциялық міндеттер. Бұл — адамның құқықтық жағдайының басты элементі, ядросы. Құқықтық мәртебесінің негіздері адамның қоғамдағы жағдайын анықтауда басты шешуші рөл атқарады, өмірлік маңызы бар, мазмұны Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-тарауында берілген (10-39-баптар) .

Жаңа уақыт адамның құқығы мен бостандығы дүниеге өзімен бірге келетінін негіздейтін табиғи құқық идеяларының пайда болуымен сипатталды. Әртүрлі теориялық құрылымдар тұлға мен мемлекет қайшылығын еңсеру қажеттігін негіздеді. Адамның құқықтары мен бостандықтарына артықшылық беру қағидаларын жария ету «адам — мемлекет» мәселесіне құрсаулық жүйе тұрғысынан түсінік беруден үзілді-кесілді бас тартуды білдіреді. Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін жаратылған, олардың қатынастарының ендігі басты қағидаты (Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында негізі қаланған)

осындай. «Қымбат қазына» ұғымы конституциялық мәтінге енгеннен кейін іс жүзінде адамгершілік санат бола отырып, құқықтық, санатқа да айналады және қоғам мүшелерінің баршасы үшін мемлекет билігі қолында барларға да, жоқтарға да міндетті ереже болып табылады.

¹ Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. — Қарағанды, 2002. — 320-б.

² Правовое государство: система разделения властей и права человека // Фемида. 1999. — № 5. — С. 12.